

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№7 хаттамасы**

**Қордай ауылы
Қордай ауданының әкімдігі**

**28.08.2025 жыл
сағат 11:00**

Қатысқандар: Қордай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Сахатов Б.О., аудан әкімінің орынбасары Бақаев Ж, Төлебаев Арқабек - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі, Сейітбеков Сейдахмет Сейіткерімұлы - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Есен Рымқұлов - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі комитетінің мүшесі, Қордай аудандық қоғамдық Кеңес төрағасы Молдабеков Н.С., аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Алимхожаев А.
Хатшы: - Р.Имашева

Күн тәртібі: 1. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі, және кеңес мүшелері Қордай аудандық кәсіпкерлік бөлімінің жұмыстарына қоғамдық мониторинг жүргізу.

2. Азаматтарды қабылдау

28 тамыз 2025 жылы Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі тарапынан төралқа мүшесі А.Төлебаев, кеңес мүшелері С.Сейітбеков, Е.Рымқұлов Қордай ауданына кәсіпкерлік саласы бойынша қоғамдық мониторинг жүргізуге келді.

Олар алдымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Б.Сахатовтың және аудан әкімінің орынбасары Ж.Бақаевтың қабылдауында болды.

Облыстық кеңес мүшелері аудан әкімдігінің ғимаратында жиын өткізді. Жиынға Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі Арқабек Төлебаев, облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Сейдахмет Сейітбеков, облыстық Қоғамдық кеңесі комитетінің мүшесі Есен Рымқұлов, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Алмас Алимходжаев және аудан кәсіпкерлері қатысы. Облыстан келген қоғамдық кеңес мүшелері кәсіпкерлік саласы бойынша аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Алмас Алимходжаевқа сұрақтар қойылып, қойылған сұрақтарға нақты жауап берді. Осыған орай, жадынамаға да арнайы анықтама берілді.

Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту
басқармасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша

Ж А Д Ы Н А М А

9) отандық тауар өндірушілерге, өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарына қолдау көрсету, экспортты ілгерілету, облыстың брендтерін қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;

9/1. «KORCEM» ЖШС-нің жоба құны 50,0 млрд. тенге құрайтын, Қордай ауданында жылына 1,5 млн. тонна қуаттылығымен цемент зауытының құрылысы жобасы. Қарасу ауылдық округінде орналасқан. Іске асыру мерзімі 2020-2024 жылдар, Қазіргі таңда, зауыт

құрылысы аяқталған, жалпы 546 адам жұмыс істеуде оның 339 Қытай азаматтары, 207 жергілікті адамдар. 2025 жылы іске қосылған «KORCEM» ЖШС-нің 2239,0 млн. теңгеге 121 мың тонна цемент өндірілді.

10) облыстың шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінде туындайтын проблемаларды зерделейді және шешуге жәрдем көрсету;

10/1. «Mariam Gold Ltd.» жеке компаниясы «Қырғау» алтын кен орнында алтын өңдеу зауытының құрылысы жобасы. Жоба құны 61,1 млрд. теңге. Іске асыру мерзімі 2025-2028 жылдар, қуаттылығы жылына 10 млн. тонна руда өндіру. Іске қосу кезінде 1200 жұмыс орындар ашу жоспарлануда. Бүгінгі күні, Қордай ауданы әкімінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі №136 қаулысымен 1036 га жер учаскесіне 5 жылдық мерзімге қауымдық сервитут белгіленіп, енгізілді.

11) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік саласындағы индикаторлық көрсеткіштердің орындалуына айлық, тоқсандық және жылдық талдамалық есептер әзірлейді. Көрсеткіштердің мониторингі бойынша облыстың статистика департаментімен, Тараз қаласы және аудан әкімдіктерімен, бизнес субъектілерімен өзара іс-қимыл ұйымдастыру;

11/1. 2025 жылдың 1 шілдеге ауданда жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны - 10 146 бірлік құрады. Оның ішінде:

- жеке кәсіпкерлерге тиесілі - 5537 бірлік;
- шаруа қожалықтарына тиесілі - 3265 бірлік;
- шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар - 1344 бірлік;

ШОБ субъектілерінің жалпы өндірілген өнім көлемі 2022 жылы 121,4 млн. теңгеден 2024 жылы 142,7 млн. теңгеге дейін өсім байқалды немесе 17,5%.

2022 жылы жұмыспен қамтылғандар саны 14980 адамнан тұрса
жылы 16136 адамға өсті немесе 7,7 %.

Жұмыс істеп тұрған субъектілері саны 2022 жылы 9369 бірліктен 2024 жылы 9809 бірлікке дейін өсті немесе 4,7%

2025 жылдың қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 28376,9 млн. теңге (2024ж. 12211,5 млн. теңге), нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңге 124,6 пайызды құрады.

2025 жылдың қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 22952,2 млн. теңге (2024ж. 31330,6 млн. теңге, облыстық индикатор 63014,5 млн. теңге), нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңге 70,3 пайыз құрады. Индикатордың орындалмауының себебі 2024 жылдың тиісті кезеңінде қомақты инвестиция «KORCEM» ЖШС-гі цемент зауыт құрылысына 15,0 млрд. теңге инвестиция тартылған, бүгінгі күні құрылысы аяқталған.

Аудандағы ірі инвестициялық жобалар «Шәкәт Гагаринское» ЖШС-гі қазіргі кезде жаңадан құрылыс жұмыстарын жаңадан бастауда және «Mariam Gold Ltd.» жеке компаниясы геологиялық барлау жұмыстарына лицензия жаңадан алынды.

12) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру, оларға қатысушылардың инвестициялық жобаларын іске асыру мәселелерімен айналысу;

12/1. Қазіргі таңда, «Индустриалды-сауда-логистикалық» кешен құру жобасын іске асыруға Жамбыл облысы Қордай ауданы Қарасу ауылдық округінің жалпы 50,0 га жер телімі бөлінді, оның ішінде:

Қарасу ауылдық округінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №73 шешімімен 14,0155 га жер телімі беріліп, 2022 жылдың 1 желтоқсанында мемлекеттік актісі алынды. «Индустриалды-сауда-логистикалық» кешен құру жобасына қосымша 22,0559 га жер учаскесіне 2022 жылдың 4 наурызында аудандық жер комиссиясының №8-18 шешімімен келісім беріліп, жерге орналастыру жобасы дайындалды. 2022 жылдың 6 қыркүйекте №54 Қарасу ауылдық округі әкімінің шешімі шығарылды. 2022 жылдың 7 қыркүйекте жер учаскесінің мемлекеттік актісі дайындалды.

Сонымен қатар, қосымша 13,9286 гектар жер учаскесін беру бойынша 3 жер пайдаланушы бойынша мемлекеттік мұқтаждыққа алу туралы Қордай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 23 мамырдағы №221 қаулысы қабылданған. Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімімен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заң талаптарына сәйкес жер учаскелерінің бағалау актілерімен жер пайдаланушылармен келіссөздер жүргізіліп, 13,9286 гектар жер учаскесі мемлекеттік жер қорына алынды.

Қазіргі таңда, «Индустриалды-сауда-логистикалық» кешен құру жобасының басқарушы компаниясы, инвесторы «ROMSEY HOLDINGS KZ» ЖШС-гі болып белгіленді.

Басқарушы компания «Индустриалды-сауда-логистикалық» кешен құру жобасына 200 млн. АҚШ долл. инвестиция тарту жоспарлап отыр.

14) өтініш берушілерден олардың жобаларын бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу туралы өтінімдерді қабылдауды жүзеге асырады, өңірлік сараптама жүргізеді, құжаттардың толық пакетін уәкілетті органға жіберу;
14/1. Қордай ауданында Бірыңғай индустриаландыру картасына енгізілген жалпы құны 21 млрд. 141,5 млн. теңгені құрайтын 2 инвестициялық жоба жүзеге асуда. Жобаларды іске асыру барысында 404 жаңа жұмыс орындары ашылуы жоспарлануда.

1. «Шокпар-Гагаринское» ЖШС-нің «Гагаринское» кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы. Бетқайнар а/о-гі Соғанды ауылында орналасқан. Жоба құны 21,0 млрд. теңге, қуаттылығы жылына 1000 кг. алтын өндіру. Іске асыру мерзімі 2021-2027 жылдар, іске асыру кезінде 400 жұмыс орны ашылу жоспарлануда. Қазіргі кезде, жер учаскесіне уақытша электр желісі 44 км. тартылды, геологиялық барлау және құрылыс жұмыстары басталуда, биылға 10 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарлануда, оның ішінде модульду жатахан салу және зауыттың іргетасын қуя жоспарлануда. Қазіргі кезде 30 жұмыс істеуде. Қордай ауданы әкімдігі тарапынан серіктестікке жалпы 1101,0 га жер телімі бөлініп берілді.

2. «Taraz Eko Fish» ЖШС-нің «Форель өсіретін шаруашылық ұйымдастыру және консерві цехын салу» жобасы құны 141,5 млн. теңге, қуаттылығы жылына 67 тонна өнім өндіру, іске асыру мерзімі 2021-2025 жылдар, Іске қосу кезінде 4 тұрақты жұмыс орындар ашылды. Қазіргі таңда, серіктестікке 5,0 га жер телімі бөлініп берілді. Жалпы ұзындығы 800 метр тоған 20 бассейнге бөлінген, оның малектарға арналған 3 бассейні бетондалған. 5 су құбыры тереңдігі 15 метр қазылды. 1600 метр жерден электр желісі тартылып, 100 кВт. трансформатор орнатылды. 12*6 метр құрайтын асхана салынды, мұздатқыш камералары орнатылды. Шаруашылық аумағы 1200 метрі профностильмен қоршалды. Бүгінгі күні жоба іске қосылды.

15) инвестициялар тарту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарымен және басқа да ұйымдарымен өзара іс-қимыл ұйымдастыру;

15/1. Бүгінгі күні, аудан әкімінің төреғалығымен ауданық инвестициялық штаб кеңесі құрылған. Кеңеске аудан әкімдігінің жер қатынастары, құрылыс, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімдері кіреді. Инвестициялық штаб кеңесі аясында ауданға екі ірі инвестициялық жобалар тартылды:

1. «Mariam Gold Ltd.» жеке компаниясы «Қырғау» алтын кен орнында алтын өңдеу зауытының құрылысы жобасы. Жоба құны 61,1 млрд. теңге. Іске асыру мерзімі 2025-2028 жылдар, қуаттылығы жылына 10 млн. тонна руда өндіру. Іске қосу кезінде 1200 жұмыс орындар ашу жоспарлануда. Қазіргі таңда, геологиялық барлау жұмыстарына лицензия

алынды. Қордай ауданы әкімінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі №136 қаулысымен 1036 га жер учаскесіне 5 жылдық мерзімге қауымдық сервитут белгіленіп, енгізілді.

2. «MAIBULAK GOLD» ЖШС-нің алтын өңдеу зауытының құрылысы жобасы. Жоба құны 60,0 млн. АҚШ доллар (31,1 млрд. теңге). Іске асыру мерзімі 2025-2029 жылдар, қуаттылығы жылына 500 мың тонна руда өндіру. Іске қосу кезінде 400 тұрақты жұмыс орындар ашу жоспарлануда.

16) өнеркәсіп саласында өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа, өңір экономикасындағы импорт өнімдеріне, тауарларына талдау жүргізу;

16/1. Импортты алмастыру мақсатында ауданда ірі инвестициялық жоба іске қосылды «KORCEM» ЖШС-нің жоба құны 50,0 млрд. теңге құрайтын, Қордай ауданында жылына 1,5 млн. тонна қуаттылығымен цемент зауытының құрылысы жобасы. Қарасу ауылдық округінде орналасқан. Іске асыру мерзімі 2020-2024 жылдар, Қазіргі таңда, зауыт құрылысы аяқталған, жалпы 546 адам жұмыс істеуде оның 339 Қытай азаматтары, 207 жергілікті адамдар. 2025 жылы іске қосылған «KORCEM» ЖШС-нің 2239,0 млн. теңгеге 121 мың тонна цемент өндірілді.

17) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға ұйымдардың сатып алуларындағы елішілік құндылық жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыру және беру;

17/1. 2025 жылдың қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес «Қарапайым заттар экономикасының» 8 саласы бойынша 2025 жылға жоспар 7594,2 мың теңгені құрайды, игерілгені 2009,3 мың теңге, қалдық соммасы 5584,9 мың теңге жергілікті қамту үлесі 49,6% құрады.

18) мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын облыста жүзеге асыру мәселелерімен айналысады (несиелендіру механизмдері, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін гранттық қаржыландыру, инженерлік инфрақұрылымды тарту). Осы мемлекеттік қаржылық қолдау механизмдері аясында ауылдық елді мекендерде, қалаларда бизнес-жобаларды іске асыру мәселелері бойынша Тараз қаласы мен аудан әкімдіктерінің жұмысын үйлестіру;

18/1. 2025 жылы «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары» аясында қаржылық қолдау жалпы соммасы 139,0 млн. теңгені құрайтын 2 жоба қолдау алды. Оның ішінде:

Несиенің пайыздық ставкасын субсидиялау бойынша 2 жоба жалпы соммасы 139,0 млн. теңгеге субсидияланды.

Бүгінгі күні, «Даму қоры» АҚ-мы арқылы мемлекеттік қолдау шараларына республикалық бюджеттен қаражат бөлінбеуіне байланысты тоқтап тұр.

20) жаңа бизнес-жобаларды қаржыландыру бойынша консультациялар береді, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, қаржы институттарымен және екінші деңгейдегі банктермен өзара іс-қимыл жасау;

20/1. Ағымдағы жылы мемлекеттік бағдарламалардың қолдау тетіктері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен ауданның 19 ауылдық округінде жиналыстар өткізілді.

22) облыс аумағында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттары бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысын ұйымдастыру;

22/1. Ағымдағы жылы мемлекеттік бағдарламалардың қолдау тетіктері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен ауданның 19 ауылдық округінде жиналыстар өткізілді.

29) көрмелер мен жәрменкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;
29/1. 2024 жылы Астана қаласы 1 рет, Тараз қаласында 6 рет, Гвардейск қалашығында 5 рет жәрменке өткізілді. Барлығы 12 жәрменке. Ағымдағы жылы 3 мәрте жәрменке ұйымдастырылып өткізілді.

Барлық тауарлар ет, сүт өнімдері, балық, бал, шұжық, көкөністер мен жеміс жидектер және т.б тауарлар нарық бағасынан 10-15% төмен бағамен тұрғындарға сатылды.

31) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту бойынша тиісті құжаттардың жобасын әзірлейді және оны облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну;

31/1.32-33) Ауданда әлеуметтік маңызы бар тауарлар, негізгі азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтердің бағасын негізсіз асырмау жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Түсіндіру жұмыстарына мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері және т.б қатысуда.

Айына 2 рет ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Нәтижесінде 2024 жылы 389 дүкен қамтылса, ж қаңтар-тамыз айларында 225 дүкен.

Түсіндіру жұмыстарының қорытындыларын аудандық газет беттерінде, (*Қордай шамшырағы-Кордайский маяк*) интернет желілерінде (*instagram, facebook*) тұрақты жариялануда.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын қорытындылау мақсатында Қоғамдық кеңестің, «АМАНАТ» партиясының кезекті отырыстары өткізіліп, ауылдық округ әкімдері шақырылып бағаны тұрақты қадалау бойынша хаттамалық тапсырмалар берілуде.

Қоғамдық бақылау мен ауыл тұрғындарының арыздарына сәйкес Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті сауда үстемесін 15%-дан асырганы үшін 2024 жылы 8 кәсіпкерлік нысанды әкімшілік жауапкершілікке тартты.

2025 жылы қаңтар айында департаментке 4 нысанға (*Флагман, Семейный, ЖК Ибрагимов, Арзу*) тексеру жұмыстарын жүргізу үшін өтініш жазылды.

Нәтижесінде 1 дүкенге ескерту берілді.

36) облыс аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асыру;

36-61) 2022-2024 жыл қорытындысы бойынша қызмет көрсетілген келушілердің жалпы саны 106,2% өскен (2022 жылы – 18849, 2023 жылы – 16899 адам, 2024 жылы – 20018 адам).

Ішкі туристер саны -104,8% өскен (2022 жылы – 18617, 2023 жылы – 16559 адам, 2024 жылы – 19514 адам)

Резидент емес тұлғалар бойынша 205,3% (2022 жылы – 226, 2023 жылы – 340 адам, 2024 жылы – 464 адам) өскен.

2022-2024 жылдары аудандағы орналастыру орындарымен туристерге көрсетілген қызмет көлемі 144,6 млн. теңгеден 187,5 млн. теңге дейін өсті немесе 129%-ға.

2025 жылдың I тоқсанның қорытындысы бойынша ауданға 4894 турист келіп, оның өсімі 133,4%-ды құрады. (2024 ж I тоқсан 3667) Олардың ішіндегі ішкі туристер саны 4749 адамды құрады, өсімі 132%-ды, (2024 ж I тоқсан 3596) ал шетелдік туристер саны 145 адамды құрап, өсімі 204,2% құрады. (2024 ж I тоқсан 71)

Келушілердің басым бөлігі Өзбекістан, Қырғызстан және Қытай азаматтары.

Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша туризм саласына салынған инвестиция көлемі **472,1 млн теңгені** құрап, өсімі **157,9%-ды** құрады. 6 айдың қорытындысымен инвестиция көлемі **472,1 млн. теңгені** құрап, өсімі **158,4%-ды** құрады.

Қордай ауданы аумағы арқылы өтетін Алматы-Ташкент-Термез республикалық маңызы бар автомобиль жолының бойында **1 санитарлық-гигиеналық торап** (ары қарай - СГТ) орналасқан. (Кенен ауылы, есептік квартал 055, 258 жер учаскесі «Автогаз Трэйд» ЖШС-і)

Қордай ауданы аумағы арқылы өтетін республикалық автомобиль жолдары бойында (В), (С), (D) санатты **15 сервис нысандары** орналасқан. (АЗС "Нием ЛТД", АЗС "Мажилис", АЗС "Helios", АЗС "ГазПромНефть", АЗС «QAZAQ OIL», АЗС "Sinooil", АЗС "Sinooil-2", кафе "Гулдер 2", АГЗС "Бейбарыс", кафе "Таниолпан, АЗС "Royal Petrol", АЗС "Royal Petrol-2", АЗС "GasEnergy", АЗС "Helios-2", АвтоГазТрэйд)

2024 жылы **2 жол бойындағы сервистік нысандардың** құрылысы аяқталып, іске қосылды. («Бейбарыс» газ құю станциясы, «Royal Petrol» жанармай құю станциясы).

Қордай ауданы аумағындағы негізгі туристік нысандардың саны - **2**. Олар:

1. **«Өтеген Батыр» кесенесі** - Кесене. Тарихжәнесәулетескерткіші. Қордай ауданындағы Өтеген ауылы маңында орналасқан. Өтеген ауылынан солтүстік-шығысқа қарай екі шақырым жерде орналасқан биік төбеде (бұрынғы Кенес) 1999 жылы «Өтеген кесенесі» салынды. Кесене 2010 жылы жергілікті маңызы бар мемлекеттік тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілді.

2017 жылы "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы аясында Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандар тізіміне кіргізілген. Нысанға апаратын жолы асфальт төсендісімен қамтамасыз етілген, автотұрақ қарастырылған. Санитарлық торабы, су тарту жүйесі орнатылған. Шырақшыға арналған жеке үйі бар. Үш тілдегі (қазақша, орысша және ағылшын) халықаралық стандартқа сай ақпараттық тақтайшалар, жол сілтемелері мен стендтер жасалынып орналастырылды. Нысан ауылдық округтің теңгеріме берілген. Аталған нысанда QR-code орнатылған.

2. **Кенесары хан мемориалы** - Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қаракемер ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 14 км, Қаракемер-Қарасай батыр автожолының сол жағында орналасқан.

Нысанға апаратын жолы асфальт төсендісімен қамтамасыз етілген. Шырақшыға арналған жеке үйі бар. Үш тілдегі (қазақша, орысша және ағылшын) халықаралық стандартқа сай ақпараттық тақтайшалар, жол сілтемелері мен стендтер жасалынып орналастырылды. Нысан ауылдық округтің теңгеріме берілген. Аталған нысанда QR-code орнатылған.

Ауданның туризм саласына жергілікті бюджеттен **2024** жылы **1,5** млн теңге бөлінді. (мақсаты: Қазақстан, Өзбекістан қалаларына 3 күндік экскурсияға Қордай аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері жіберілді.)

2025 жылға туристік іс-шараларға **3,0** млн теңге қаржы экономика бөліміне бюджеттік өтінім өткізілді. (мақсаты: Қазақстан, Өзбекістан қалаларына 3 күндік экскурсияға Қордай аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелерін жіберуге.)

Қордай ауданына қарасты **35** кафе, оның ішінде **15**- Қордайда тамақтану орындары қызмет көрсетеді. Тамақтану орындарына орташа есеппен алғанда 1 адамға шаққанда орташа есеп **5000-6000** тг құрайды. Ас мәзірлерінде қазақи, европалық, шығыс елдерінің тағамдары келушілерге ұсынылады. Ас мәзірі қағаз түрінде, екі тілде (қазақ, орыс) ұсынылған. Бір мезетте қабылдау сыйымдылығы - **2635** адамды құрайды. Тамақтану орындарында автотұрақ, бейнекамералар, Wi-Fi, намазхана және т.б бар.

Қордай ауданы аумағында **28 орналастыру орындары, 1 лагерь** тіркелген.

Қонақ үйлердегі нөмірлердің жалпы саны - **260** бірлік, бір жолғы сыйымдылығы - **733** төсек-орын, оның ішінде люкс - **79**, стандарт - **133**, жайлықтары жоқ - **48**. Тәуліктің

орташа құны - 7950 теңге. Стандарт бөлмелердің орташа бағасы 6000-7000 теңге, жартылай люкс 10000-15000 теңге аралығында, люкс 20000-25000 теңге аралығында. Wi-Fi, әжетхана, душ, бір реттік гигиеналық заттар, автотұрақтар қарастырылған. Е-қонақ бағдарламасы қонақ үйлерде орнатылған.

Аудан аумағында жалпы 5 бассейн («ССС», «Прайд Парк», «Парадайс», «Береке Ресорт», «Тұран») 3 демалыс орны, 1 лагерь бар. («Саяхат», «Джолдасбек ата» этноауылы», «Гавайи-Кордай», «Балауса»)

Жыл басынан бері демалыс аумақтары 15580 адамға қызмет көрсеткен. Жарнамалық-имидж бойынша 9 демалыс орындары Instagram әлеуметтік желілерінде белсенді.

Аудан аумағындағы 3 туристік нысан бар («Өтеген», «Кенесары хан», «Тоспалы жартас петроглифтері») олардың барлығы интернетпен қамтылған. (мобильды желі қамту аумағында) Байланыс операторлары: (Kcell/Activ, Beeline, Tele2/Altel)

Шара аясында, кәсібін дамытуды көздеген азаматтар қабылдауға келіп, олардың түрлі мәселелері тыңдалды. Атап айтқанда, Сарсенбаев Талғат, жұмыс орны СПК «Қордай корм», ЖК «Достық», кәсіпкер Тлекмет Сымбат, ЖШС «Шұғыла» Ермеков Ерсайын, Қордай ауылындағы «Дезстанция». Аудан кәсіпкерлерін қабылдаудағы негізгі мақсат – олардың қызметіндегі кедергілерді азайту. Жалпы, жеке кәсібін ашып, өз ісін кеңейтемін деген азаматтарға қашан да қолдау мен көмек керек. Себебі, заңнамалардағы өзгерістер, нормативтік құжаттардағы толықтырулар секілді үдерістерді әрдайым назарда ұстау қиынға соғатыны белгілі.

«Қордай ауданының экономикалық әлеуеті зор. Мақсат – кәсіпкерлердің мәселелерін тыңдап, оларға нақты көмек көрсету. Бұл сапардың нәтижелері облыстың тұрақты дамуына ықпал етеді», - деп атап өтті Арқабек Төлебаев.

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков осындай іс-шаралардың жалғасы болатынын және ауданның дамуына үлес қосатынын баса айтты.

Қабылдауға келген кәсіпкер азаматтар кәсібін кеңейтуді мақсат еткендер қосымша қолдау, әкімшілік кедергілерді жою бойынша сауалдарына жауап алды.


Әрмен қарай, облыстық Қоғамдық кеңес делегациясы аудандағы кәсіпкерлік қызметтің нақты жағдайын бағалау мақсатында бірқатар нысандарды аралады.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева